

**Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы "Қарағанды облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" № 69/06 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 48/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 тамызда № 4336 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № 50/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 11.08.2020 № 50 /01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 69/06 "Қарағанды облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3592 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 қаңтардағы "Индустриальная Караганда" № 4 (21949), 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 7-8 (22113) "Орталық Қазақстан" газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 19 қаңтарында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қарағанды облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларының 3 тарауы, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 тармақтары алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е. Қошанов*